

**"Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы одан әрі шаралары туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 9 маусымдағы № 597 Жарлығына  
өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 871 Жарлығы

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы одан әрі шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 9 маусымдағы № 597 Жарлығына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1 тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) мынадай жұмыс бағыттарын көздейтін Адам құқықтары және заң үстемдігі саласындағы одан әрі шаралар жоспары (бұдан әрі - Одан әрі шаралар жоспары) бекітілсін:

әйелдерге қатысты кемсітуді жою;

ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін ілгерілету;

бірлесу бостандығы құқығы;

мүгедектігі бар адамдарға қатысты адам құқықтары;

адамның қылмыстық сот төрелігі, жазаны атқару және азаптаулар мен қатыгез іс-әрекеттердің алдын алу саласындағы құқықтары;

адам саудасы құрбандарының құқықтарын қамтамасыз ету;

мигранттарға, азаматтығы жоқ адамдарға және босқындарға қатысты адам құқықтары;

БҰҰ-ның органдарымен өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру;"

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Іс-шаралар жоспарын және Одан әрі шаралар жоспарын іске асыруды қамтамасыз етсін;

3) жыл сайын 25 қаңтарға қарай жыл қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Іс-шаралар жоспарының және Одан әрі шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын;"

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ.Тоқаев